



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 92 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 1 наурыз N 259

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 92

P020092\_

қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

- 1-тармақтағы "3" деген сан "4" деген санмен ауыстырылсын; осы қаулының қосымшасына сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 1 наурыздағы  
N 259 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 23 қаңтардағы  
N 92 қаулысына  
4-қосымша

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

600 "Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы  
Құқықтық статистика және ақпарат орталығының ақпараттық  
жүйесін құру" республикалық бюджеттік бағдарламасының  
2002 жылға арналған  
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 56138 мың теңге (елу алты миллион жүз отыз сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 заң күш бар Жарлығы (56 бап); Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3465 Жарлығы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 1641 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық

бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, уәжділігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасында қылмыстар туралы автоматтандырылған ақпараттық мәліметтер базасын қалыптастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ақпараттық жүйені жетілдіру мақсатында ақпараттық базаны қалыптастыру және құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспары:

-----  
!Бағдар.!Кіші !Бағдарламаның !Бағдарламаны іске ! Іске ! Жауапты  
!ламаның!бағ. !атауы (кіші бағ. !асыру жөніндегі ! асыру!орындаушылар  
!коды !дар. !дарламаның атауы)!іс-шаралар !мерзі! !  
N! !лама.! ! !мдері !  
! !ның ! ! ! !  
! !коды ! ! ! !  
-----

600 Қазақстан Төмендегі сан 2002 Қазақстан  
Республикасының бойынша жабдықтарды жыл. Республика.  
Бас прокуратурасы және бағдарламалық дың сының Бас

жанындағы Құқықтық қамтамасыз етуді нау. прокуратура.  
статистика және сатып алу және рызы- сы, Қазақ.  
ақпарат орталығы. орнату: жел. стан  
ның ақпараттық компьютерлер - 70 тоқ. Республика.  
жүйесін құру бірлік; саны сының Бас  
принтерлер - 59 прокуратура.  
бірлік; сервер - 1 сы жанында.  
бірлік; лицензия. ғы Құқықтық  
лармен бағдарлама. статистика  
лық қамтамасыз және ақпарат  
ету - 8 бірлік. орталығы

---

#### 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республика

бойынша статистикалық есептің бірыңғай автоматтандырылған мәліметтер базасын құру; ақпараттық-статистикалық жүйені толығымен компьютерлендіру және автоматтандыру үшін жағдай жасау; шетелдік құқық қорғау органдарының, оның ішінде ең алдымен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ақпараттық жүйелерімен өзара байланыс жасау үшін жағдайды қамтамасыз ету; құқықтық статистика субъектілерінің қызметтері және құқық бұзушылық, қылмыстар, оны жасаған адамдар туралы ақпараттарды өңдеу және жинау жеделділігін арттыру.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.